

ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТЫҢ 2025–2026 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖАРТЫЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ

1. Мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Оқушылардың психологиялық саулығын сақтау, тұлғалық дамуына қолайлы жағдай жасау, мектеп ұжымында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру.

Міндеттері:

Оқушылардың бейімделу деңгейін анықтау және психологиялық қолдау көрсету;

Мектеп ұжымында психологиялық жайлылық пен ынтымақтастықты нығайту;

Ата-аналар мен педагогтарға психологиялық кеңес беру;

Тұлғаның өзін-өзі тануына және дамытуына ықпал ету.

Психологиялық қызмет жұмысын жүргізу үшін 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарынан Қазақстан Республикасы Білім министрінің м. а. 2022 жылғы "25" тамыздағы № 377 бұйрығы негізінде жасалған рұқсатнама қағазы алынды.

2. Негізгі бағыттар бойынша атқарылған жұмыстар

2.1. Диагностикалық жұмыс

1-сынып, 5-сынып және 10-сынып оқушыларының жаңа ортаға бейімделу деңгейі зерттелді;

Қыркүйек айының 1-2 аптасында сабақтарға кіріп, оқушыларға бақылау жүргізілді. 1 сынып оқушыларынан психологиялық бейімделу деңгейін анықтау мақсатында диагностика жұмыстары жасалды. 1 сынып оқушыларынан мектепке бейімделу деңгейін және танымдық, тұлғалық даму деңгейін анықтау мақсатында оқушыдан Керн Ирасек тесті алынды.

Зерттеу мақсаты: 1-сынып оқушыларының мектепке деген дайындықтарын анықтау.

Нәтижесі:

1. Мектепке дайындығы жоғары оқушы 16 оқушы - 89% оқушы бар
2. Мектепке дайындығы орташа 2 оқушы - 11 %
3. Мектепте психологиялық деңгейі төмен оқушылар – жоқ

9 және 11-сынып оқушыларымен кәсіби бағдар беру мақсатында психодиагностикалық тесттер жүргізілді;

Мұғалімдер мен ата-аналардың сұранысы бойынша жеке психологиялық зерттеулер жүргізілді;

Диагностика нәтижелері талданып, дер кезінде түзету жұмыстары жүргізілді.

Қазан айында 5-7 сынып аралығында мектептегі дебірісіздік деңгейін

анықтау.

Алынған мәліметтер бойынша жоғары қобалжу деңгейі оқушыларда анықталған жоқ. Сыныптың жалпы қобалжу деңгейі 0 % құрайды. Қобалжу көрсеткіштері 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 факторлар бойынша анықталған жоқ. Оқушылардың бойындағы қобалжу сезімі байқалмады.

Мектеп мотивациясын тексеруге арналған әдістеме. Авторы: Н.Г.Лусканованың ортаға бейімделуі туралы психодиагностикалық зерттеу жұмысы жүргізілді.

Зерттеу мақсаты: 5-сынып оқушыларының ортаға бейімделуін анықтау. Оқу мотивациясы деңгейін бағалау.

Қатысқан оқушылар саны: 14

Интерпретация:

Оқушылардың танымдық процестері жоғары үлесі - 11 оқушы- 70% жоғары

Оқушылардың танымдық процестері орташа үлесі – 3 оқушы- 30% орташа

Қорытындылай келе 5сыныптар бойынша психикалық және дамуында ауытқушылығы бар оқушылар жоқ.

5 сынып оқушыларының мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жақсы.

5 сыныптың сынып жетекші және ата-аналар тарапынан оқушылардың тәртібін, күнделікті сабақтарын, үй тапсырмаларын орындауын қадағалау керек.

2.2. Түзету-дамыту жұмысы

Эмоциялық реттелу, өзін-өзі бағалау және қарым-қатынас мәдениетін дамыту бағытында топтық және жеке тренингтер өткізілді;

24 қыркүйек күні «Кел танысайық!» тақырыбында 1 сынып оқушыларына психологиялық тренинг сабақ өтілді. Сабаққа «11» оқушы қатысты.

Сабақ барысында:

1. Танысу. «Менің атым... Мен өзімді сүйемін, себебі...» жаттығуы.

2. Жаттығу "Көңіл-күй неге ұқсайды?"

3.

3. Топтық ереже қабылдау.

4. "Оқушы болған қалай екен?" жаттығуы.

5. «Көңіл күйімізді суреттейміз» жаттығуы.

6. Жаттығу «Тамаша күн үшін рахмет!».

7. Кері байланыс. Қорытындылау.

жаттығулары жасалды.

Мектеп оқушыларына арналған «Өз-өзінді таны», «Достық пен сенім», «Қарым-қатынас мәдениеті» тақырыптарында дамыту жаттығулары өткізілді. Сабақ соңында оқушылар "Тамаша күн үшін рахмет" жаттығуын ойнады. Бір-біріне достық сезім мен бір-бірілеріне алғыс айта білуге үйренді. Барлығы бір-бірінің қолынан ұстап, ортадағы топқа соңғы оқушы келіп қосылған кезде шеңбер жабылып, өзара ұстап тұрған қолдарын үндемей үш рет қысады. Осылайша сабақ аяқталды. Сабақ қызықты және тартымды өтті.

2.3. Кеңес беру қызметі

Оқушыларға жеке және топтық кеңес беру жүргізілді (бейімделу, мотивация, өзін-өзі бағалау т.б. бағыттарда);

Ата-аналарға «Жасөспіріммен тіл табысу жолдары», «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңес беру сағаттары өткізілді;

Қыркүйек айында «Тасты ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ ата-аналар жиналысы болып өтті.

Атап айтсақ 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі деңгейі және де, психологиялық көмек жайында ата-аналар жиналысы өткізілді.

1. «1-ші сынып ата-аналарына психологиялық көмек» атты дәріс оқу.

2. «Мен қандай ата-анамын», «Танысу» тренинг өткізілді.

Салемдесу барысында ата-аналар кезекпен аттарын атап, өз есімдерімен қоса балаларының атын және оның қай қасиетін мақтан тұтатынын айтып берді. Осыдан кейін ата-аналар сергіп, бірін-бірі жақсы тани араласа бастады. Психолог: Кульжанова М.Ж «1-ші сынып ата-аналарына психологиялық көмек» атты дәріс оқыды. Дәрістің қысқаша мазмұны:

Отбасы бұл-бала қайырымдылық, адамгершілік үйренетін орта. Отбасы тәрбиесі- екі түрлі болған жағдайда бала мінез-құлқы дұрыс қалыптаспайды. Сондықтан бала қателік жасаған кезде ата-анасы бір бағытта тәрбиелеу керек. Егер екі түрлі болған жағдайда баланың мінез-құлқы өзгере бастайды. Ата-ана аса қатал болғанда бала көп өтірік айтады, өз мүмкіндіктерін дұрыс көрсете алмайтын жасық, өзін басқалардан төмен санайтын көпшіліктің алдында тым тұйық болып өседі. Сондықтан 1-сынып ата-аналарына психологиялық кеңес беруде мына нәрселерді қатал ескертілді.

Мұғалімді үлкен, қатал тұлға ретінде көрсетуге болмайды.

Осыдан кейін 1-ші сынып оқушысының күн тәртібі жайында сөз қозғалды 6-7 жасар бала күніне 8-10 сағаттан кем ұйықтамау керектігі ескертілді.

1-сынып оқушысының сабаққа дайындалу бұрышы жайында сөз қозғалды. Баланың сабаққа ынтасын көтеру үшін арнайы сабаққа дайындалатын үй ішіндегі бұрыш жайлы айтылды және бұрыштың қалай, қай түстермен жабдықталу керек екені түсіндірілді.

1-сынып оқушысының физиологиялық дамуы жайлы, 1-сынып оқушысын жанұяда қалай дұрыс есейту керектігі, 1-сынып оқушысы уақытында тамақтанғаны абзалдығы, өйткені оларда шаршау, әлсіздік, көп кездесетіні айтылды.

Ата-аналарға бала тәрбиесі жайлы көмек ретінде педагогикалық, психологиялық кеңестер беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



3. Қоштасу.

Салемдесу барысында ата-аналар кезекпен аттарын атап, өз есімдерімен қоса балаларының атын және оның қай қасиетін мақтан тұтатынын айтып берді. Осыдан кейін ата-аналар сергіп, бірін-бірі жақсы тани бастады. 5-ші сынып ата-аналарына психологиялық көмек» атты дәріс оқылды. Дәрістің мазмұны:

Бесінші сыныпта оқыту жағдайы түбегейлі өзгертіні. Балалар негізгі мұғалімнен «сынып жетекші» жүйесіне, сабақ беруші ұстаз – мұғалімге ауысатыны. Бастауыш сыныпта бір мұғалімге үйренсе, 5 сыныпта пән мұғалімдері жүргізетіні кеңірек талқыланды.

Бастауыш сыныптан орта буынға көшу оқушының психикасының жүктемесінен өсуімен байланысты. Психологиялық және психофизиологиялық зерттеулер көрсеткендей оқушылар жаңа оқу барысына бейімделу кезеңін бастан кешіретіні айтылды..

Әрине, әр ата-ана баласына деген сезімін түрліше жеткізеді. Сынып жетекшімен әңгімелесу барысында балаңыздың оқуы үшін барлық жағдай жасайтыныңызды айтыңыз. Егер сынып жетекшімен келіспейтін жағдайда мәселені ұрыссыз шешуге тырысыңыз.», «Балаңыздың үлгерімі үшін алған бағасын өзіңіздің жазалау немесе мақтау жүйесі есебінде қолданбаңыз» сияқты кеңестер берілді.

Қандай жағдай болмасын, баланың өзіне деген сенімін тудырып, қолдап отыру керек. Бала бір істен қателескен жағдайда оған шыдамдылық көрсету керек екенін слайд арқылы түсіндірме жұмысы жүргізілді.

2025 жылдың 3 қазан күні 8 «А» сыныптың ата-аналарымен жиналыс өтті. Жиналыстың мақсаты:

1. Балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелерді қарастыру;
2. Ата-аналар комитетін сайлау;
3. Жол жүру ережелерін түсіндіру;
4. Интернет-ойындардың әсерін талқылау;
5. Мектеп формасына байланысты талаптарды нақтылау;
6. Оқушылар арасында буллингтің алдын алу.



https://www.instagram.com/p/DPWJj_8CCBZ/?igsh=cDZwMTlvemtxZ25u

Педагогтармен әдістемелік әңгімелер мен кәсіби күйзелістің алдын алу тренингтері ұйымдастырылды.

2.4. Алдын алу және профилактикалық жұмыстар

2025 жылдың 3 қазан күні 8 «А» сыныптың ата-аналарымен жиналыс өтті. Жиналыстың мақсаты:

1. Балалардың тәрбиесі мен қауіпсіздігіне қатысты өзекті мәселелерді қарастыру;
2. Ата-аналар комитетін сайлау;
3. Жол жүру ережелерін түсіндіру;
4. Интернет-ойындардың әсерін талқылау;
5. Мектеп формасына байланысты талаптарды нақтылау;
6. Оқушылар арасында буллингтің алдын алу.



https://www.instagram.com/p/DPWJj_8CCBZ/?igsh=cDZwMTlvemtxZ25u

16 қазан күні 8-9 сынып қыздарымен ерте жүктіліктің себептері, оның салдары және алдын алу шаралары тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Жиналысқа аға тәлімгер Байгужина К.Е., психолог Кульжанова М.Ж., медбике Топалова Д қатысты.

Мақсаты: Ерте жүктіліктің физикалық, психологиялық және әлеуметтік салдарын түсіндіру; Жасөспірімдердің жауапкершілігін арттыру; Өзін-өзі бағалау мен жеке шекараны қорғау дағдыларын дамыту; Қыздарға маңызды ақпарат беріп, сенімді қарым-қатынас орнату. Іс-шара барысында: Ерте жүктіліктің қауіпті факторлары мен салдары талқыланды; “Жок” деп айту, жауапты таңдау жасау дағдылары бойынша психологиялық кеңестер берілді; Өмірлік жағдайлар қарастырылып, тиімді шешу жолдары талқыланды. Бұл іс-шара оқушылардың ақпараттану деңгейін арттырып, өз болашағына саналы түрде қарауға бағытталды. Өз болашағың – өз қолыңда!. Құндылық: әділдік және жауапкершілік.





<https://www.instagram.com/reel/DP3HbUSiGow/?igsh=MWJ2eGhhbWlpemdheg==>

Мектебімізде оқушылар мен мұғалімдерге арналған буллингке қарсы түсіндірме жұмыстары өтті.

Шараның мақсаты – буллингке қарсы сананы қалыптастыру, ойлау қабілетін дамыту, сондай-ақ мектеп қауымдастығында бірлік пен өзара әрекеттестікті нығайту. Іс-шара барысында мектеп психологы Кульжанова М.Ж. буллинктің түрлері мен алдын алу жолдары туралы баяндап, пайдалы кеңестер берді.

<https://www.instagram.com/reel/DO50X2KCMJj/?igsh=NHhnZ2p1Znl0N25z>

Девиантты мінез-құлықтың алдын алу мақсатында 8–11 сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстар жүргізілді. «Қауіпсіз интернет», «Өмір – ең қымбат құндылық» атты акциялар мен тренингтер өткізілді;

22 қыркүйек 2025 жыл Тасты ЖОББМ-де 9–11 сынып оқушыларына құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жедел уәкіл полиция аға лейтенанты Е.Қ. Муратов, участкелік инспектор полиция капитаны Т.Т. Аукиров сөз сөйледі.

Тақырыптар: Қоғамдық тәртіп пен мектеп формасын сақтау

Сабақтан қалмау, темекі шегудің зияны

Буллинг пен кибербуллинктің алдын алу

Түнгі уақытта заңды өкілсіз жүру ережесі

Интернет-алаақтық және дроппер ұғымы

Есірткі мен зиянды заттардан сақтану



<https://www.instagram.com/p/DO5qEHliPAam/?igsh=OGI2MTRzNWF2M3c=>

«Жасөспірім және заң», «Қиын бала болмайды» атты профилактикалық кездесулер өтті.

2025 жылғы 10 қазан күні «Тасты ауылының жалпы орта білім беретін

жұмыстарын жүргізді. Түсіндірме барысында келесі тақырыптар қамтылды:

- нашақорлыққа қарсы күрес;
- түнгі уақытта жүру тәртібі;
- буллинг және кибербуллингтің алдын алу;
- мектеп формасын сақтау;
- мектеп ережелеріне бағыну;
- сабақтан себепсіз қалмау;
- оқушылар ойнайтын аумақта тазалықты сақтау;
- электронды темекі (вейп) шегудің зияны мен заң алдындағы жауапкершілік. Сонымен қатар, оқушыларға қолданыстағы заң талаптары, бұйрықтар және айыппұл мөлшерлері туралы да ақпарат берілді. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және құқық бұзушылықтың алдын алу.

<https://www.instagram.com/reel/DPn54oOCF67/?igsh=MThkeczRvaHNpMjN1Nw==>

2.5. Әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмыс

Мектептің тәрбие және әлеуметтік педагогтарымен бірлескен жоспарлы жұмыстар атқарылды.

2025 жылдың 28 тамызында «Тасты ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде» №1 педагогикалық кеңес өткізілді. Кеңес тақырыбы: «Білім беру ұйымының 2025-2026 оқу жылындағы білім беру саясаты мен басымдықтары». Кеңестің мақсаты – жаңа оқу жылындағы педагогикалық ұжымның жұмыс бағытын нақтылау, бірыңғай мемлекеттік білім беру саясатын іске асыру және негізгі міндеттерді айқындау. Кеңес жұмысына «Өрлеу» біліктілікті арттыру институтының кафедра меңгерушісі Қабдушева Алия Жұмаділовна, Целиноград аудандық білім бөлімінің әдіскері Балгожина Жанагүл Ғалымқызы, мектеп әкімшілігі мен педагогикалық ұжым өкілдері қатысты. Психолог Кульжанова М.Ж. педагогикалық кеңес барысында ұжыммен психологиялық ахуал ұйымдастырып, жаңа оқу жылын көтеріңкі көңіл күймен, бір мақсатта бастауға бағыт берді. Жылы қарым-қатынас, өзара қолдау мен түсіністік – табысты білім мен тәрбие негізі!



<https://www.instagram.com/reel/DN5kaM5iMGA/?igsh=bTg2OWcyODJ4dDBj>

Педагог-психолог аудандық және облыстық вебинарлар мен семинарларға қатысты.



Психологиялық қызмет құжаттамалары (жылдық жоспар, күнтізбелік жоспар, есептер) уақтылы толтырылды.

3. Қорытынды

2025–2026 оқу жылында педагог-психолог мектеп ұжымымен бірлесе отырып, оқушылардың психологиялық саулығын сақтау және дамыту бағытында жоспарлы, нәтижелі жұмыс жүргізді.

Оқушылардың өзара қарым-қатынасы мен мектептегі психологиялық ахуал тұрақты деңгейде сақталды. 2025-2026 оқу жылының келесі жарты жылдығында жоспар бойынша жалғасады.